

Атырау қаласы мен Атырау облысы аудандарының энергиямен жабдықтау жүйесін оңтайландырудың және жаңғыртудың 2006-2008 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасы туралы

Күшін жойған

Атырау облыстық мәслихатының 2005 жылғы 25 мамырдағы N 226-III шешімі. Атырау облыстық әділет департаментінде 2005 жылғы 23 маусымда N 2432 тіркелді. ҚР Атырау облысы әділет департаментінің 2006 жылғы 23 мамыр 3-2185/06 хаты негізінде мемлекеттік тіркелуге жатпайды. Күші жойылды - Атырау облыстық Мәслихатының 2011 жылғы 3 қазандағы № 275/1711/-МШ хатымен.

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облыстық Мәслихатының 2011.10.03 № 275 / 1711 / - М Ш х а т ы м е н .

ҚР Атырау облысы әділет департаментінің 2006 жылғы 23 мамыр 3-2185/06 хатынан үзінді:

Атырау облыстық әділет департаменті ертеде тіркелген нормативтік құқықтық актілеріне қайта тексеріс жүргізілген қорытындысы бойынша және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің нормативтік құқықтық актілерді тіркеу департаментінің 2006 жылғы 31 наурыздағы N 4-2-1/и623 хатына сәйкес, Сізге Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 38-бабының талаптарына сәйкес келмейтін тіркелген нормативтік құқықтық актілердің тізімін, "Заң" деректер базасына тиісті жазбаларды енгізу ү ш і н , ж о л д а й д ы .

Қосымша 2 бетте.

А О Ә Д б а с т ы ғы

Қ о с ы м ш а :

2) Атырау облыстық мәслихатының 2005 жылғы 25 мамырдағы N 226-III " Атырау қаласы мен Атырау облысы аудандарының энергиямен жабдықтау жүйесін оңтайландырудың және жаңғыртудың 2006-2008 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасы туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" қаулысы (Атырау облыстық әділет департаментінде 2005 жылғы 23 ма у с ы м д а N 2 4 3 2 тіркелді)

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6-бабына сәйкес, Атырау облыстық әкімиятының 2005 жылғы 23 мамырдағы N 175

қаулысын талқылап Атырау облыстық мәслихаты XIII сессиясында шешім етті:

1. Қоса берілген "Атырау қаласы мен Атырау облысы аудандарының энергиямен жабдықтау жүйесін оңтайландырудың және жаңғыртудың 2006-2008 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасы" бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалысын бақылау Атырау облыстық мәслихатының бюджет, қаржы, экономика, кәсіпкерлікті дамыту, аграрлық мәселелер және экология жөніндегі тұрақты комиссиясына (М. Шырдабаев) жүктелсін.

О б л ы с т ы қ м ә с л и х а т т ы ң

XIII сессиясының төрағасы

Облыстық мәслихаттың хатшысы

Атырау облыстық әкімиятының қаулысы
2005 жылғы 23 мамыр № 175

Атырау қаласы мен Атырау облысы аудандарының энергиямен жабдықтау жүйесін оңтайландырудың және жаңғыртудың 2006-2008 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасы туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 27-бабына , Атырау облысы әкімиятының 2005 жылғы 28 сәуірдегі № 153 "Атырау қаласы мен облыс аудандарын энергиямен жабдықтау жүйесін оңтайландырудың және жаңғыртудың өңірлік бағдарламасын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобын құру туралы" қаулысын іске асыру мақсатында облыс әкімияты қаулы етеді:

1. Қоса берілген "Атырау қаласы мен Атырау облысы аудандарының энергиямен жабдықтау жүйесін оңтайландырудың және жаңғыртудың 2006-2008 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасы мақұлдансын және облыстық мәслихатқа бекітуге ұсынылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары В.В.Супрунға жүктелсін.

Облыс әкімі

О б л ы с ә к і м и я т ы н ы ң
2 0 0 5 ж ы л ғ ы 2 3 м а м ы р N 1 7 5
қаулысына қосымша

Атырау қаласы мен Атырау облысы аудандарының энергиямен жабдықтау жүйесін оңтайландырудың және жаңғыртудың 2006-2008 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасы

Мазмұны

- 1 . П а с п о р т
- 2 . К і р і с п е
3. Атырау қаласы мен Атырау облысы аудандарының энергиямен жабдықтау жүйесінің қазіргі жай-күйін талдау
4. Мақсаты мен негізгі міндеттері
5. Негізгі бағыттары мен іске асыру тетіктері
6. қажетті ресурстар және қаржыландыру көздері
7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтиже
8. Атырау қаласы мен Атырау облысы аудандарының энергиямен жабдықтау жүйесін оңтайландырудың және жаңғыртудың 2006-2008 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

1. Паспорт

Атауы Атырау қаласы мен Атырау облысы аудандарының энергиямен ж а б д ы қ т а у жүйесін оңтайландырудың және жаңғыртудың 2006-2008 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама)

Әзірлеу Атырау облыстық әкімиятының 2005 жылғы 28 сәуірдегі N№153 " А т ы р а у үшін қаласы мен облыс аудандарын энергиямен жабдықтау жүйесін негіздеме оңтайландырудың және жаңғыртудың өңірлік бағдарламасын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобын құру туралы" қаулысы

Әзірлеу "Атырау Жарық" АҚ (келісім бойынша), Атырау облысы Кәсіпкерлік үшін жауапты және өнеркәсіп департаменті

Мақсаттары Қолда бар энергетика объектілерін оңтайландыру мен жаңғырту, мен тұтынушылардың өскелең сұранысын қамтамасыз ету үшін энергиямен міндеттері жабықтау жүйесін ілгері дамыту

Іске Тұтынушыларды кідіріссіз энергиямен жабдықтауды қамтамасыз етуге асырудың бағытталған іс-шаралар кешенін әзірлеу; Бағдарламаны іске асыру негізгі үшін қажетті инвестициялар көлемін және қаржыландыру көздерін бағыттары анықтау; Энергетика ресурстарын тиімді пайдалану.

Қаржыландыру Кәсіпорындардың, бюджеттің, қаражаты, инвестициялар. көздері Тұтынушылардың қосымша қосылған қуаттары үшін төлемі.

Күтілетін Осы бағдарламаны іске асыру қазір бар және жаңадан іске нәтиже қосылатын өнеркәсіп, әлеуметтік-мәдени-тұрмыстық, тұрғын үй құрылысының объектілерін сенімді және сапалы энергиямен жабықтауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Іске асыру мерзімі 2006-2008 жылдар

2. Кіріспе

Осы Бағдарлама Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N№148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 27-бабына, Атырау облысы әкімиятының 2005 жылғы 28 сәуірдегі N№ 1 5 3

"Атырау қаласы мен облыс аудандарын энергиямен жабдықтау жүйесін оңтайландырудың және жаңғыртудың өңірлік бағдарламасын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобын құру туралы" қаулысына және 2005 жылғы 24 ақпанда қол қ о й ы л ғ а н

облыс әкімияты мен "Атырау Жарық" АҚ Директорлар кеңесі арасындағы "2005 жылға арналған Атырау облысы энергиямен жабдықтаудың қазіргі және келешектегі тұрақтылығы мен сапасын қамтамасыз етудегі өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы" меморандумға сәйкес әзірленген.

Бағдарлама тұтынушыларды кідіріссіз энергиямен жабдықтауды қамтамасыз етудің, оны іске асыру үшін қажетті инвестициялар көлемін және қаржыландыру көздерін анықтаудың, энергетика ресурстарын тиімді пайдаланудың іс-шаралар кешенін әзірлеуге бағытталған.

Облыс экономикасы негізінен мұнай мен газ өндірісінің өсуі есебінен тұрақты дамуда, бұл өнеркәсіптің басқа салаларының, тұрғын үй құрылысының, шағын және орта бизнестің озық өсуіне мультипликативтік нәтижеге қол ж е т к і з е д і .

Күні бүгін облыста әлем көлеміндегі ірі жобалар іске асырылуда. Олар -«"Аджип ККО" компаниясы мен Қашаған кен орнының мұнайы мен газын д а й ы н д а у жөніндегі қондырғының, "Теңізшевройл" ЖШС - мұнайды өңдеу мен шикі газды

кабатқа айдау бойынша екінші буындағы зауыттардың құрылысы. Мұнай ө н і м д е р і н еуростандарттар деңгейінде шығаруды қамтамасыз ететін және өңірдегі экологиялық ахуалды жақсартатын Атырау МӨЗ қайта жанарту жұмыстары ж ү р г і з і л у д е .

Облыстың Индустриялық-инновациялық даму стратегиясы аясында жаңа технологиялар бойынша жоғары қосылған құны бар жобалар іске асырылуда.

Соңғы жылдары тұрғын үй, әлеуметтік-тұрмыстық объектілері құрылысының

к ө л е м і к ү р т ө с у д е .

Өңірдің қарқынды дамуы электр және жылу энергиясына деген сұраныстың едәуір өсуінің алғы шартын жасауда.

Бағдарламада қолда бар энергиямен жабдықтау жүйесінің мүмкіндіктері көрініс тапқан, оны оңтайландыру мен жаңғырту, Атырау жылу электрорталығында қосымша өндіру қуаттарын қосу есебімен қолданыстағы электр және жылу желілерін қайта жаңарту мен жаңа желілердің құрылысын салу, алға қарай дамыту қажеттілігі айқындалған.

3. Атырау қаласы мен Атырау облысы аудандарының энергиямен жабдықтау жүйесінің қазіргі жай-күйін талдау

"АЖЭО" АҚ қысқаша сипаттамасы
Күні бүгін облыста негізгі қуат өндіруші болып АЖЭО табылады.

"АЖЭО" қондырылған электр қуаты - 215 МВт

"АЖЭО" қондырылған жылу қуаты - 526 Гкал/сағ

Ең жоғары деңгейдегі су қыздыру қазанының қондырылған жылу қуаты -
1 0 3 Г к а л / с а ғ

"АЖЭО" негізгі жабдықтардың құрамына 5 турбоагрегат (1970-1992 ж ы л д а р ы шығарылған), 10 жоғары қысымды бу қазаны агрегаттары (1963-1985 жылдары шығарылған) орнатылған.

Бу қазаны агрегаттарының қондырылған бу өнімділігі -1 640 т.

"АЖЭО" кернеуі 6-10/35/110 кВ 5 байланыс трансформаторлары орнатылған.

Электр энергиясын беру 35-110 кВ АҮҚ шиналарынан тартылған алты 35 кВ-АЖ және тартылған алты ВЛ-110 кВ желілерінен, 6,3 -ГТҚ шиналарынан тартылған 14 6 кВ- КЛ желілерінен жүзеге асырылады.

Ыссы су АЖЭО өнімділігі 470 Гкал су жылытқыш қондырғысынан ҚД-700 және ҚД-500 екі тұрбалық жылу шықпасын Атырау қаласын сумен жабдықтау ж ә н е жылыту қажеттілігіне жіберіледі.

"АЖЭО" АҚ құрамына ескі аэропорт маңында орналасқан және жылыту кезеңінде ең жоғары деңгейдегі жүктемені жабу үшін пайдаланылатын ең ж о ғ а р ы деңгейдегі су қыздыру қазаны кіреді.

АЖЭО мен қазанның негізгі отыны болып табиғи газ табылады, АЖЭО-та пайдаланылатын екінші отын - мазут, ең жоғары деңгейдегі су қыздыру қазанының резервтік отыны - дизель отыны.

АЖЭО негізгі көрсеткіштерінің динамикасы

№	көрсеткіштер	Ө л ш е м бірлігі	2001 жыл
1	Электр энергияның жалпы өндірілімі	Млн кВтс	970,50

2	ЖЭО шиналарынан электр энергиясының берілісі	Млн кВтс	874,8
3	Коллекторлардан жылу энергиясының берілісі	Мың Гкал	860,1
4	Электр мен жылу энергиясы өндірісіндегі отын шығысы : газ	Млн.м ³	469,3
	мазут	Т.н.т.	687

кестенің жалғасы

2002 жыл	2003 жыл	2004 жыл
1040,6	1043,76	1118,98
941,08	946,35	1021,82
893,9	877,1	874,73
470,3	467,5	471,6
1 901	4 129,7	3 999,9

Электр жүктемелері өсуінің болжамы

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2005 жыл	2006 жыл
Электр энергиясының пайдалы берілісінің болжамды қажеттілігі	Мың кВтс	1 226 400	1 357 800
Қондырылған 215 МВт қуатқа сәйкес АЖЭО электр энергиясы өндірісінің болжамды көлемі	Мың кВтс	1 326 400	1 457 800
Қондырылған 215 МВт қуатқа сәйкес АЖЭО электр энергиясының болжамды пайдалы берілісі	Мың кВтс	1 226 400	1 357 800
Электр энергиясының болжамды тапшылығы	Мың кВтс		

кестенің жалғасы

2007 жыл	2008 жыл	2009 жыл	2010 жыл
1 357 800	1 576 800	1 708 200	1 822 080
1 457 800	1 457 800	1 370 200	1 370 200
1 357 800	1 357 800	1 270 200	1 270 200
	-219 000	-438 000	-551 880

Үш ГТҚ (газ-турбиналық қондырғылар) іске қосу арқылы қуатты кезеңділікпен көбейту есебінен АЖЭО электр энергия мен қуатының тапшылығын жабу

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі
-----------	------------------

1 ГТҚ электр энергиясының пайдалы берілісі, іске қосылуы - 2007 жыл, пайдаланудың басталуы - 2008 жыл	Мың кВтс
1,2 ГТҚ электр энергиясының пайдалы берілісі, 2 ГТҚ іске қосылуы - 2008 жыл, пайдаланудың басталуы - 2009 жыл	М ы ң кВтс
1,2,3 ГТҚ электр энергиясының пайдалы берілісі, №3 ГТҚ іске қосылуы - 2009 жыл, пайдаланудың басталуы - 2010 жыл	М ы ң кВтс
АЖЭО электр қуатының резерві	МВт

кестенің жалғасы

2008 жыл	2009 жыл	2010 жыл
219000(25 МВт)		
	438000(50 МВт)	
		551880(75 МВт)
-	-	12

2006-2010 жылдарға арналған "АЖЭО" АҚ бойынша Бағдарламаның негізгі есептік көрсеткіштері

№	Заттай көріністегі өндіріс көлемі	Ө л ш е м бірлігі	2004 жыл есеп	2005 жыл баға лау
1	2	3	4	5
1.	Электр энергиясы			
1.1	АЖЭО қондырылған қуаттың өсуіне сәйкес өндіріс көлемі	М ы ң кВтс	1200000	1326400
1.2	Қондырылған 215 МВт қуатқа сәйкес АЖЭО шиналарынан электроэнергияның берілісі	М ы ң кВтс	1100 000	1226 400
1.3	АЖЭО шиналарынан электроэнергияның нақты және (н е м е с е) болжамды пайдалы берілісі	М ы ң кВтс	1021 823	1226 400
1.4	Электр қуатының резерві	М ы ң кВтс	78 147	0
		МВт	8,9	0
1.5	Электр қуатының тапшылығы	Мың кВтс		0
		МВт		
1.6	1 ГТҚ электроэнергиясының пайдалы берілісі, іске қосу - 2007 жыл, пайдаланудың бастамасы- 2008 жыл	Мың кВтс МВт		
	1, 2 ГТҚ электроэнергиясының пайдалы берілісі, 2 ГТҚ іске қосу - 2008 жыл, пайдаланудың бастамасы - 2009жыл			
	1,2,3 ГТҚ электроэнергиясының пайдалы берілісі, №3 ГТҚ іске қосу - 2009 жыл, пайдаланудың бастамасы - 2010 жыл			
1.7	Тапшылықтың орны толтырылғаннан кейін ГТҚ электр қуатының резерві	МВт		
2.	Жылу энергиясы			
2.1.	АЖЭО қондырылған жобалық жылу қуаты	Мың Гкал	3580	3580

2.2	526 Гкал АЖЭО қондырылған жобалық жылу қуатына сәйкес өндіріс көлемі	Мың Гкал	<u>2000</u>	<u>2000</u>
2.3	А Ж Э О коллекторлары нан жылу энергияның нақты және (немесе) болжамды пайдалы берілісі	Мың Гкал	874,7	971,0
2.4	Ж ы л у ы с ы р а б ы соның ішінде:	Мың Гкал	374,49	401,36
2.4.1	Нормативтік ысырап	Мың Гкал	244,41	271,1
2.4.2	Есептелмеген пайдалы беріліс	Мың Гкал	130,35	130,35
2.5.	Жылу энергиясының пайдалы берілісі	Мың Гкал	500,25	569,64
2.6.	Жылу энергиясын өндіру бойынша жылу қуатының резерві	Мың Гкал	2705	2609

кестенің жалғасы

2006 жыл	2007 жыл	2008 жыл	2009 жыл	2010 жыл
6	7	8	9	10
1457800	1457800	1676 800	1808 200	1922080
1357 800	1357800	1357800	1270 200	1270200
1357 800	1357800	1576 800	1708 200	1822080
0	0	0	0	0
0	0	0	0	0
0	0	219 000	438 000	551 880
		25	50	63
		219000 25		
			438 000 50	
				65700075
		0	0	12
3580	3580	3580	3580	3580
<u>2000</u>	<u>2000</u>	<u>2000</u>	<u>2000</u>	<u>2000</u>
1048,0	1112,0	1167,0	1214,0	1262,0
422,85	440,71	456,06	469,18	482,57
292,50	310,36	325,71	338,83	352,22
130,35	130,35	130,35	130,35	130,35
625,15	671,29	710,94	744,82	779,43
2532	2468	2413	2366	2318

"Атырау Жарық" АҚ қысқаша сипаттамасы

Электр энергиясын көздерден беру және үлестіру өңірлік электр желісі кампаниясының (ӨЭК) "Атырау Жарық" АҚ балансындағы электр желілері б о й ы н ш а

жүзеге асырылады. Оның құрамына кернеуі 35-110 кВ (магистралды ЭТЖ), кернеуі 10-6-0,4 кв (үлестіру ЭТЖ), кернеуі 35-110 кв шағын электр

станциялардың және кернеуі 10-6-0,4 кВ үлестіру трансформаторлық пункттердің электр берілісі желілерінің кешені енгізілуде.

Тұтынушыларға электр энергиясының тікелей берілісі мен үлестірілуі 6-10 кВ және 6-10/0,4 кВ ТП үлестіру пункттері (ҮП) арқылы ауа (АЖ) және кабель (КЖ) желілер бойынша 6-10 кВ 35-110 кВ ҚС үлестіру қондырғыларының

(ҮҚ) шиналарынан жүргізіледі.

Атырау қаласының қолданыстағы электр желілерінің сұлбасы сол жақ жағалау және оң жақ жағалау бөлігіне бөлінген.

"Атырау Жарық" АҚ электр желілерінің құрамына: 110/35/10-6 кВ, 110/10-6 кВ, 35/10-6 кВ төмендеткіш қосалқы станциялары; 10-6 кВ үлестіру пункттері (ҮП); 35-6/0,4 кВ трансформаторлық қосалқы станциялар (ТС); 110-0,4 кВ әуе желілері (ӘЖ); 10-0,4 кВ кабель желілері (КЖ) кіреді.

"Атырау Жарық" АҚ технологиялық процесінің жүруі технологиялық байланыс құралдарымен, релелік қорғаныс және автоматика құрылғыларымен қамтамасыз етілген орталықтандырылған жедел-диспетчерлік басқару арқылы жүзеге асырылады. Бұзғыш сыртқы орта жағдайында ұзақ мерзім бойы ауа және кабель электр берілісі желілерінің және қосалқы станциялар жабдықтарының жұмысы олардың техникалық сипаттамасы мен күйінің нашарлауына әкеліп соқтырады.

Электр желілерінің техникалық күйі пайдалануға жарамдылығын анықтау бойынша

1. Қанағаттанарлық, техникалық қызмет көрсетілімді, алдын-ала байқауды және ағымдағы жөндеуді қажет ететін;

2. Қанағаттанарлықсыз, күрделі жөндеуді қажет ететін;

3. Бұдан әрі пайдалануға жарамсыз және толықтай қайта жаңартуды талап ететін деп бағаланады.

1 және 2 кестеде "Атырау Жарық" АҚ желілерінің және қосалқы станциялардың техникалық жағдайының бағасы келтірілген:

1-кесте. "Атырау Жарық" АҚ желілерінің техникалық жағдайы

Көрсеткіш атауы	Өлшем бірлігі	Барлығы	Қанағаттанарлықсыз жағдайда
-0,4 кВ ГЖ, барлығы	ш.к.	2003,325	
Қанағаттанарлық жағдайда	-/-	922,25	
Қанағаттанарлықсыз жағдайда	-/-		1081,075
-6-10 кВ ӘЖ, барлығы	ш.к.	4173,784	
Қанағаттанарлық жағдайда	-/-	3005,00	

Қанағаттанарлықсыз жағдайда	-/-		1168,784
35-110 кВ ЭЖ, барлығы	шақ.	3005,2	
Қанағаттанарлық жағдайда	-/-	2365,3	
Қанағаттанарлықсыз жағдайда	-/-		639,9

2-кесте. Қосалқы станциялардың техникалық жағдайы

Атауы	Өлшем бірлігі	Барлығы
1.35-110 кВ төмендеткіш қосалқы станциялары Трансформаторлар саны, барлығы қондырылған жиынтық қуаты, барлығы	дана д а н а МВА	78 1351054,7
1.1. 35/6-10 кВ ТС, барлығы қондырылған жиынтық қуаты, барлығы	д а н а МВА	40209,7
1.2. 110/ 35/6-10 кВ ТС, барлығы қондырылған жиынтық қуаты, барлығы	д а н а МВА	38845,0
2. 6-10/0,4 кВ ТП, барлығы қондырылған жиынтық қуаты, барлығы	д а н а МВА	1683334,9
Тозығы 100% 6-10/0,4 кВ ТП, барлығы Трансформаторлар саны, барлығы қондырылған жиынтық қуаты, барлығы	д а н а д а н а МВА	88 9113,4
25 және одан көп жыл пайдаланылған 6-10/0,4 кВ ТП, б а р л ы ғы Трансформаторлар саны, барлығы қондырылған жиынтық қуаты, барлығы	д а н а д а н а МВА	1 5 5 15925,7

Техникалық жағдайды бағалау. ЭБЖ және ТС жабдықтарының техникалық жағдайын талдау мен бағалау бойынша:

кернеуі 0,4 кВ электр беріліс желілерінің 54,0%
кернеуі 6-10 кВ электр беріліс желілерінің 28,0%
кернеуі 35 кВ және жоғары электр беріліс желілерінің 21,3 %
кернеуі 35-110 кВ төмендеткіш ПС 38,5% үлестіру (ҮП) және трансформаторлық пункттердің (ТП) 50,8% қанағаттанарлықсыз жағдайда Ғимараттар мен ғимараттардың тозығы 60%-дан астам, ҮП мен 6-10/0,4 кВ ТП ғимараттарының әбден тозығы жеткен (80%-дан астам).

Электр жүктемелерді анықтау. Бағдарламаны әзірлеу кезінде бұрын бар жүктемелерге бақылау өлшемі жүргізіліп, тұтынушылардың жаңадан қосқан қуаттарына талдау жасалған.

Атырау облысында электр энергияның негізгі тұтынушыларына мына с а н а т т а р ж а т а д ы :

1. Қондырылған қуаты 750 кВА астам өнеркәсіп кәсіпорындары - 411 263 м ы ң к В т с

Қондырылған қуаты 750 кВА дейінгі өнеркәсіп кәсіпорындары - 156 392 м ы ң к В т с

3. Өнеркәсіптік емес тұтынушылар - 75 862 мың кВтс

4. Бюджеттік тұтынушылар - 45 294 мың кВтс

5. Ауыл шаруашылығы тұтынушылары - 1 431 мың кВтс

6. Тұрғындар мен елді мекендер - 199 428 мың кВтс

Соның ішінде Атырау қаласы бойынша:

Қондырылған қуаты 750 кВА астам өнеркәсіп кәсіпорындары - 106 528 мың кВтч.

Қондырылған қуаты 750 кВА дейінгі өнеркәсіп кәсіпорындары - 95 004 мың кВтч.

3. Өнеркәсіптік емес тұтынушылар - 56 250 мың кВтч.

5. Бюджеттік тұтынушылар - 26 944 мың кВтч.

6. Тұрғындар мен елді мекендер - 118 069 мың кВтч

2004 жылы Атырау облысында электр энергияны тұтыну оны электр желілер бойынша беру электр энергияның қажетті шығысының есебімен 1 069 074 мың кВтч., соның ішінде Атырау қаласы бойынша - 523 138 мың кВтч. құрады.

2000-2004 жылдар кезеңінде электр энергияны тұтыну өсімін талдау

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2000 жыл	2001 жыл	2002 жыл	2003 жыл	2004 жыл	2000 жыл 2004 жылға салыстырғанда
Торалқа электр энергияның берілісі	Мың кВтс	859198	887642	918199	972249	1069074	24,42 %

2000 жылдан бастап 2004 жылға дейін 5 жыл ішінде Атырау облысының жекелеген аймақтары бойынша электр энергияны тұтыну өсімі

А т ы р а у қ а л а с ы - 3 8 %

Қ ұ р м а н ғ а з ы а у д а н ы - 1 5 %

И н д е р а у д а н ы - 1 0 %

Ж ы л ы о й а у д а н ы - 1 5 %

М а қ а т а у д а н ы - 3 0 %

И с а т а й а у д а н ы - 2 0 %

Қ ы з ы л қ о ғ а а у д а н ы - 5 0 %

М а х а м б е т а у д а н ы - 1 0 % құрады.

Электр энергиясын тұтыну өсімінің ұқсас қарқыны сақталған жағдайда 2010 жылы 1 432 661 мың кВтс қажет болады, соның ішінде Атырау қаласы бойынша - 821 320 мың кВтс. Мәселен, тұрғын үй құрылысы бойынша 14396 пәтерді электрмен жабдықтау үшін қосымша 43,2 МВт; жалпы білім беру мектептерінің 2 124 оқушысына - 0,8 МВт; кәсіби-техникалық мектептерінің 1 560 оқушысына - 0,6 МВт; 1 112 орындық мектепке дейінгі балалар мекемелеріне - 0,8 МВт. 2010 жылы тек қана әлеуметтік сала объектілерін электрмен жабдықтау үшін жылдық орташа электр қуатының 45,4МВт қажет болады.

2000-2004 жылдар кезеңіндегі өсу қарқыны сақталған жағдайдағы Атырау облысы бойынша электр энергияны тұтыну деңгейінің болжам мәліметтері

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2004 жыл	2005 жыл	2006 жыл
Торалқа электр энергия берілісі	Мың кВтс	1069074	1122257	1178654
Электр энергия жеткізіп беру шығыны	Мың кВтс	179404	213228	223944
Электр энергияның пайдалы берілісі	Мың кВтс	889670	909028	954709

кестенің жалғасы

2007 жыл	2008 жыл	2009 жыл	2010 жыл
1237586	1299466	1364439	1432661
235141	246898	259243	272205
1002444	1052567	1105195	1160455

Қажетті жылдық орташа қуаттың болжамды мәліметтері

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2004 жыл	2005 жыл
Өсу қарқыны сақталған жағдайдағы тұтынылатын қуат	<u>МВт</u>	122	128
Қосымша қосылатын қуат	МВт	--	21
Тұтынылатын қуат жиынтығы	МВт Мың кВтс	<u>122</u> 1069074	<u>149</u> 1305240
Сыртқы көздерден тұтынылатын қуат	МВт Мың кВтс	5 1069074	149 1305240
АЖЭО берілетін жылдық орташа қуат	МВт Мың кВтс	117 1021823	140 1226400
Жылдық орташа қуаттың тапшылығы	МВт	0	0

кестенің жалғасы

2006 жыл	2007 жыл	2008 жыл	2009 жыл	2010 жыл
135	141	148	155	163
32	37	42	47	51
<u>167</u> 1462920	<u>178</u> 1559280	<u>190</u> 1664400	<u>202</u> 1769520	<u>214</u> 1874640
167 1462920	178 1559280	190 1664400	202 1769520	214 1874640
155 1357800	155 1357800	155 1357800	145 1270200	145 1270200
0	0	-25	-50	-63

Жарияланған қуат мөлшері жөніндегі мәліметтерден шыға отырып Атырау қаласы бойынша тұтынудың орташа көлемінің 60-тан 133 МВт дейін, 73 МВт-ға к ө б е ю і к ү т і л у д е .

Атырау облысының аудандары бойынша электр энергияны тұтынудың күтілетін өсімі мынадай:

Атырау қаласы	-	139%-ға
Мақат ауданы	-	30%-ға
Құрманғазы ауданы	-	15%-ға
Индер ауданы	-	20%-ға
Жылыой ауданы	-	46%-ға
Исатай ауданы	-	15%-ға
Қызылқоға ауданы	-	10%-ға
Махамбет ауданы	-	25%-ға

2010 жылға қарай Атырау қаласы мен Атырау облысында тұтынылатын қуат жалпы 122-ден 214-ке дейін көбейіп, 92 МВт құрайды. Электр энергияның күтілетін тұтыну өсімін қамтамасыз ету үшін Атырау облысында 75 МВт көлемінде қосымша өндіруші қуаттарды енгізу қажет.

35-110 кВт төмендеткіш қосалқы станциялар трансформаторларындағы қондырылған қуат 143,3 нақты жоғары жүктемеде кезінде 261,3 МВА құрайды. 100 % жүктемедегі қуат резерві 127,0 МВА құрайды, $S_{\text{НОМ}}$ 0,7 үнемдік жүктемеден шыға отырып - 48,6 МВА.

2005 жылғы 01 наурыздағы жағдайда Атырау қаласы бойынша жарияланған қосымша қосылатын қуаттың мөлшері 191,02 МВт құрайды. $\cos\phi = 0,8$ қуат коэффициентін; 0,85 максимумдар әр мезеттігі коэффициентін; 0,7 үнемдеу коэффициентінің есебімен Атырау қаласындағы тұтынушылардың толықтай қосымша қосылатын қуаттың мөлшері 48,6 МВА қолда бар резерві кезінде 289,94 МВА құрайды. 12% құрайтын тұтынушыға электр энергияның көзінен электр энергияны жеткізіп беру шығыны есебімен жарияланған сұранысты қамтамасыз ету үшін қосымша қуаттың қажетті көлемі 276,1 МВА құрайды.

Соның ішінде:

қаланың оң жақ жағалау бөлігінде 142,2 МВА;
қаланың сол жақ жағалау бөлігінде 133,9 МВА.

«Атырау жылу жүйелері» АҚ (бұдан әрі - АЖЖ) қысқаша сипаттамасы
Атырау қаласын орталықтандырылған жылумен жабдықтаудың көзі болып Атырау ЖЭО және сыртқы ауаның төменгі температурасы кезінде желілік суды қыздыру үшін бағытталған 103 Гкал/ч қондырылған қуаты бар ең жоғары деңгейдегі су қыздыру қазаны табылады.

«АЖЖ» АҚ балансында екі сорғыш станция бар:

Жалпы өнімділігі 1620 м³/сағ. "Д" типтік үш сорғышы бар N 1 тартып шығаратын сорғыш станциясы;

Жалпы өнімділігі 2400 м³/сағ. NN№2 басқылап - тартып шығаратын сорғыш

с т а н ц и я с ы ;

Жылу желілерінің ұзындығы 193,332 шақ.(екі тұрбалық есептеуде) құрайды, соның ішінде 37,642 шақ.- магистралдық, 12,545 шақ.- үлестіру, 143,145 шақ - кварталдық.

Жылу желілерін төсеу тәсілі:

жерасты (өте алмайтын арналарда және арнасыз) төсем - 29,3%; жерүсті - 70,7% құрайды.

Жылу энергия берілісінің сұлбасы

Қаланың магистралдық жылу желісі тарамдалған сұлба бойынша екі тұрбалық түрде орындалған; жылумен жабдықтау жүйесі жабық. Есептілік температуралық кесте Тн.в.-22⁰ С жағдайда 140⁰ С қиығымен 150/70⁰ С. Жылу берілісінің тәртібі - жылу пункттерінде ыссы су қыздырғыштарын екі сатылық бір ізбен қосу сұлбасымен көтеріңкі температуралық кесте бойынша орталық сапалы. Магистралдық жылу желісіне екі тұрбалық үлестіруші желілер бойынша 40 орталық жылу пункттері және жекелеген объектілерді басқару түйіндері қосылған, онда параметрлер Т-45-95⁰ С белгіге дейін төмендеген соң, кварталдық жылу желілері, ішкі таратқыштар бойынша желілік су тікелей жылу энергиясын тұтынушыларға беріледі. Температураны реттеу сыртқы ауаның температурасына сәйкес жүргізіледі.

Жылу пункттерінен кейін жылумен жабдықтау жүйесі төрт тұрбалық: екі тұрбасы жылыту жүйелерінде жылу жеткізушіні үлестіруге және екі тұрба ыссы сумен жабдықтауға арналған.

« "Атырау жылу жүйелері" » АҚ негізгі көрсеткіштерінің динамикасы

№	Көрсеткіштер атауы	Өлшем бірлігі	2001 жыл	2002 жыл	2003 жыл	2004 жыл
1	2	3	4	5	6	7
1	Желілердің ұзындығы, барлығы соның ішінде: - магистралдық -кварталдық	шақ. шақ. шақ.	154,939 37,642 117,297	181,705 37,642 144,063	192,232 37,642 154,59	193,332 37,642 155,69
2	Жылу пункттерінің саны	бірлік	40	40	40	40
3	Сорғыш станциялардың саны	бірлік	2	2	2	2
4	Қосылған жылу жүктемесі	Гкал/с	218,0	238,28	240,1	249,6
5	Жылу жүйесіне қосылған объектілер саны	бірлік	1810	1901	1964	2008
6	АЖЭО жылу берудің мейілінше көп радиусы (ең қашық жылу пункттерінің аралығы)	шақ.	11,27	11,27	11,27	11,27
	Жылу желілерінің тұрбақұбырларын ауыстыру					

7	бойынша жөндеу жұмыстарының көлемі	шақ.	33,50	40,13	40,30	34,01
8	АЖЭОколлекторларынан жылу берілісі	мың Гкал	819,5	872,2	861,8	867,5

Жекелеген жылу магистральдері учаскелерінің шектеулі өткізу мүмкіндігіне және жылу жеткізуші өтімінің шамадан артық жүктемесіне байланысты бірқатар жылу желілер учаскелерінде қосымша жаңа жылу жүктемелер қосу мен жылумен жабдықтаудың есептік тәртібін қамтамасыз ету мүмкіндігі болмай тұр.

Магистралдық жылу желілер учаскелерін күтілетін жылу жүктемесі бойынша болжам мәліметтері

№	Учаскелер атауы	Диаметр, мм	Ұзындығы, м	Қазіргіжылу жүктемесі, Гкал/с	Күтілетін жылу жүктемесі, Гкал/с	Өсім
1	Сәтпаев пен Владимирский көшелері бойындағы 30 ЖК - 33 ЖК	426	941	68	100	32
2	Пав8 -№14 ОЖП -№101 ОЖП -35ЖК (Қаланың оң жақ жағалау бөлігі)	219, 273	1810	11	30	19
3	Орталық автожол көпірінің астындағы 22ЖК-23ЖК (қаланың оң жақ жағалау бөлігіне жылу желілерінің өткелі)	530	354	120	154	34
4	Қаланың орталық бөлігіндегі Пав1-3ЖК (Сырым Датов көшесінен Махамбет көшесіне дейінгі учаске)	530	1296	120	159	39
5	Қаланың орталық бөлігіндегі Пав1-Пав3 (М1)(Сырым Датов көшесінен Жайық өзені Орталық көпіріне дейінгі учаске) Барлығы: соның ішінде әлеуметтік-мәдени-тұрмыстық 23,6 тұрғын үй 90,4 өнеркәсіп 4,6	530	1550	120	130	10 134

Жылу жүйелерін пайдалану кезінде мынадай проблемалар орын алуда:

1. Магистралды жылу желісі тұрбаларын ауыстыру қарқынының төмендігіне байланысты олардың ілгері қарай тозуы қаланы сенімді және тиімді жылумен жабдықтауға теріс әсер етуде. 2004 жылы жүргізілген гидравликалық және температуралық сынақтарда тұрбақұбырларды пісіру түйістерінде 29 ақау айқындалған. Жылу желісі тұрбақұбырлар жылу оқшаулағышының техникалық төмен

жайы жылу энергиясының нормадан тыс шығынына әкелуде. Соңғы жылдары шығынды

төмендету үрдісі байқалуда, бірақ оның деңгейі бұрынғыша нормативтік белгілер деңгейінен асуда. Оқшаулау көпке төзбейтіндігінен лезде шығынды

төмендету қарқынына қол жеткізу өте күрделі. Жер үстінде төселген тұрбақұбырлары жылу оқшаулағышының пайдалану мерзімі 3-4 жыл құрайды. О н ы ң көпке төзбейтіндігінің негізгі себебі:

Шыны матадан және рубероидтан жасалған оқшаулау материалының үстіңгі жабындысы сыртқы табиғи климаттық құбылыстардың (жаңбыр, қар, жел, ультрафиолеттік күн сәулесі) әсерінен пайдаланудан тез шығады.

Тұрғындардың оқшаулау қабатының металл жыбынқышын жеке ш а р у а ш ы л ы қ қажеттілігіне ұрлау фактілері. ИБ қызметкерлерімен ұрлаушыларды анықтау бойынша бірлесе ұйымдастырылған рейдтер арқасында ұрлау фактілері аз-мұз азайды, бірақ әлі де болса орын алуда.

Жерасты төселген тұрбақұбырлары жылу оқшаулағышының жағдайына су құбырлары және кәріздік апаттар нәтижесінде арналарды су басу, нөсер және топырақ сулар басуы жағымсыз әсер етуде, нәтижесінде оқшаулау м а т е р и а л ы н ы ң жылу-техникалық қасиеті нашарлайды.

Бөлінген қаражаттың тапшылығынан жылу оқшаулағышты жөндеу жыл с а й ы н шектеулі көлемде жүргізіледі, оқшаулау материалдарын сатып алуға бөлінген барлық қаражат, негізінен, ауыстырылатын учаскелердегі тұрба құбырларын оқшаулауға жұмсалады. Нәтижесінде жылу оқшаулаушының жалпы жайының ж а қ с а р у ы н а ш а р .

Жылуоқшаулағыш материалы ретінде пенополиуретаннан жасалған оқшаулауды қолданудың артықшылығы зор. Пенополиуретан пайдалану мерзімі бойынша дәстүрлі қолданылатын минералдық мақтадан 2-3 есе артық, бірақ о н ы ң құрамындағы компоненттердің құны өте қымбат.

2. Магистралдық жылу желілері мен жылу пункттерінің есептегіш және бақылау құралдарымен нашар жарақтандырылғандығы жылу желісін қалыпты пайдалануға кедергі келтіруде. 20 жылу желісінің бақылау орындарында орналасқан және жылу желісі параметрлерін диспетчерлік телеметриялық бақылауға арналған 6 бақылау данасы, 9 шығыс датчигі, температура мен қысым датчигі істен шыққан. Бақылау құралдары орнатылған бірқатар жылу пункттерімен радиобайланыс жоқ, соның салдарынан сол құралдардан т е л е а қ п а р а т а л ы н б а й д ы .

Магистралдық жылу желілерінде есептегіш құралдарының жоқтығынан және олармен орталық жылу пункттерінің 78% жарақтандырылғандықтан таралымдар бойынша су мен жылудың бөлінуін толық қадағалауға мүмкіншілік жоқ.

3. Құбырлы судың көтеріңкі кермектілігінен жылу алмастырғыштардағы ыссы сумен жабдықтаудың құбырлық шоқтарда қақтың пайда болу қарқынды процесі және құбырлы шоқтарды тазалау үшін техникалық құралдардың ж о қ т ы ғ ы

қосымша қаржылық шығындарға және жылу энергиясы шығынының көбеюіне әкелуде. 2004 жылдан бастап осы мәселені шешу үшін жылу алмастырғыштардағы

құбырлы шоқтарды ультрадыбыстық қақ болдырмайтын аппараттар орнату жаңа әдісі енгізілген. Сондай құралдар төрт орталық жылу пункттерінде орнатылған.

4. Оттектік тоттанудан ыссы сумен жабдықтау тұрбаларының көпке төзбейтіндігі шешілмеген мәселе болып қалуда.

4. Мақсаты мен негізгі міндеттері

Осы бағдарламаның мақсаты - инфрақұрылымның дамуын және электр энергияны тұтынушылар тарапынан сұраныстың көбейюін есепке ала отырып Атырау қаласы мен Атырау облысы тұтынушыларын электрмен жабдықтауды қ а м т а м а с ы з е т у .

Бағдарламаның негізгі міндеттері болып: тұтынушылардың электр энергияға сұранысын толыққанды қамтамасыз етуге

бағытталған іс-шаралар кешенін анықтап әзірлеу;

Бағдарламаны іске асыру үшін қажетті инвестициялар көлемі мен қаржыландыру көздерін іздестіру;

Табиғи энергетикалық ресурстарды ұтымды пайдалану; Атырау қаласы мен Атырау облысы тұрғындарының әл-ауқатын жақсарту.

5. Негізгі бағыттары мен іске асыру тетіктері

Атырау қаласы мен Атырау облысы тұтынушыларын электрмен жабдықтау жайын талдау кезінде бірқатар проблемалар анықталды. Олардың шешілуіне келесі бағыттағы бірқатар әрекеттер әсер етуі тиіс:

Атырау ЖЭО қосымша өндіруші қуаттар енгізу; қосымша жүктемелердің қосылуы есебімен Атырау қаласын электрмен және жылумен жабдықтаудың қолда бар сұлбаларын өзгерту; қосымша жүктемелердің қосылуы есебімен Атырау облысының әкімшілік аудандарын электрмен жабдықтаудың қолда бар сұлбаларын өзгерту; қаланың дамуын, тұтынушылар санының көбеюін және қосымша жүктемелердің пайда болуын есепке ала отырып жаңа электр және жылу желілерінің құрылысы .

Атырау қаласы мен Атырау облысының бойынша Бағдарламаның іске

а с ы р д ы н

мынадай

тетіктері

ұсынылады:

А т ы р а у

қ а л а с ы

Қаланың оң жақ жағалауын электрмен жабдықтау Жайық өзенінен өтумен екітізбектік біртірелік 110 кВ ҒЖ 135-желісі, 136-желісі бойынша жүзеге асырылады. 110 кВ ӘЖ бір тірегі зақымдалған жағдайда барлық осыдан туындайтын салдарымен оң жақ жағалауының электрмен жабдыкталуы тоқтатылады. Жаңа 110 кВ ӘЖ, кернеуі 110 кВ жаңа қосалқы станциялар салып, бұрынғыларды қайта жаңғыртып, оң жақ жағалауын электрмен жабдықтаудың сақиналық сұлбасын орындау қажет.

Қаланың сол жақ жағалауын электрмен жабдықтау екітізбектік біртірелік 110 кВ Ә 4Ц-желісі, 5Ц-желісі бойынша жүзеге асырылады. Сенімділік пен өткізу қабілетін жақсарту мақсатында жаңа ауа желілер, қосалқы станциялар салу мен сақиналық электрмен жабдықтау сұлбасын құру арқылы бұрынғыларды

қайта жаңғырту қажетті.

Құрманғазы ауданы

Қиғаш-Маңғыстау»сутартқыштың бас сорғыш стансасы мен Азғыр аймағын (Сүйіндік, Балқұдық пен іргелес елді мекендер) электрмен жабдықтау тек қана Ресей Федерациясы Астрахань облысынан жеткізілетін 110 кВ ӘЖ бойынша ж ү з е г е

